



**№ 4 (40)
2015**

Меншік несі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 20 жылдығына арналған салтанаттық жиналыстағы ҚР Әділет министрі Б.М. Имашевтың сөйлеген сөзі	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	11
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Президенттің Жүз қадамын жүзеге асыру аясындағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті жетілдірудің негізгі бағыттары	11
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Заңды процестер қазіргі құқықтық интеграцияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде.....	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	25
В.Т. ҚОНЫС Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі банк омбудсманы.....	25
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ШӘМШЕКБАЕВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша рента шартын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	33
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Шарттық міндеттемелер бөлігіндегі азаматтық заңнаманы жетілдіру (жалпы ережелер және мүлікті беру туралы шарттық міндеттемелер)	39
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	44
А.Қ. ҚАНАТОВ Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруды (жылыстатуды) жіктеу проблемасы (жаңашылдықты мониторингілеу)	44
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексінің қолданудың кейбір мәселелері	49
А.К. КҰРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ Кепілдегі мүлікке тыйым салудан босату, оның ішінде қылмыстық процесте тыйым салудан босату туралы, азаматтық талап қоюды қараудың құқықтық аспектілері	54
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	61
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, Қ.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Халықаралық құқықтық құжаттардағы терроризм тақырыбы: оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар).....	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА Еуропалық Одақтағы шешімдер қабылдау тетіктерінің өзекті ережелері	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудің құқықтық базасын жетілдіру мәселелері	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Қосарланған салық салудан жалтарудың кейбір мәселелері туралы	84
Құқықтық мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұрғысынан: теориялық-талдау аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Ғ. ҚАЗИЕВ Заңнама тиімділігін зерттеудің шетелдік тәжірибесі	92
Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторингінің теоретикалық аспектілері	96
Е.А. ДҮЙСЕНОВ, О.Қ. ҚАРАҚОЖАЕВ Қазақстан Республикасында қоғамдық ұйымдардың құқықтық мониторинг жүргізуге қатысуы	101
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МҮШАНОВ Ұлттық заңнамадағы терминология мәселелері	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Заңнамада терминнің атқаратын рөлі	110
А.А. МЕДИНАЕВА Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері	114
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығы мәселелері	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Аударма тіліндегі терминдер мәселелері	123
Шетелдік тәжірибе	127
О.В. БЕЛЮСОВА (Мәскеу қ.) Еуропалық Одақтың Латын Америка мемлекеттерімен халықаралық экономикалық қарым-қатынасы	127
Жас ғалым мінбері	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Тиімді салық саясаты және шағын бизнесті дамыту – өзара әрекеттесудің баламалы жолдары	134
Е.К. АХМЕТОВ Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторинг туралы	139
А.С. ӘБДІКӘРІМОВА Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жай-күйі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеудің проблемалары.....	144
Ә. ЖҰМАБЕКОВА Еуропалық Одақтағы халықаралық шарттарды әзірлеу мен жасау және Ұлыбританияның Одаққа қатысты «ерекше рөлі»	149
Ж.А. МАМИТОВА Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарды жіктеу туралы	155
Ж.Б. УӘЛИЕВА Заманауи қылмыстық құқықтық саясат қағидаларына сай отандық заңнамада кінә ұғымын бекіту мәселелері	161
Ә.Қ. ҚАПЫШЕВА Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік реформалау халықаралық тәжірибесі	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзудың мазмұны мен жалпы сипаттамасы	172
Ж. МУСИНА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы мүлкті тәркілеу: құқықтық реттеудегі жаңа ұстанымдар	177
Д.Б. БАЙСАҒАТОВА Қазақстан Республикасының халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы рөлі	183
Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ұйымдар және олардың қызметі. Құқықтық аспектілер	189
А.М. МАТЫШОВА Жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері	193
Б.Н. ТӘЖІБАЕВ Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілері	199

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	207
2015 ж. 5-6 қарашада Астана қ. өткізілген «Әкімшілік акт: шығару, мазмұны және дау айту» тақырыбында әкімшілік құқық бойынша алтыншы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	207
<i>Даналық ойлар</i>	213





**№ 4 (40)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово Министра юстиции РК Б.М. Имашева на торжественном собрании, посвященном 20-летию Конституционного Совета Республики Казахстан.....	9
Конституционное и административное право	11
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Основные направления совершенствования государственной службы в Республике Казахстан в свете реализации 100 шагов Президента	11
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Юридические процессы как составляющая основа современной правовой интеграции	18
Гражданское и гражданско-процессуальное право	25
В.Т. КОНУСОВА Банковский омбудсман в Республике Казахстан и в зарубежных странах	25
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ШАМШЕКБАЕВ Некоторые вопросы правового регулирования договора ренты по законодательству Республики Казахстан	33
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Совершенствование гражданского законодательства в части договорных обязательств (общие положения и договорные обязательства о передаче имущества)	39
Уголовное право и уголовный процесс	44
А.К. КАНАТОВ Проблема квалификации отмыывания денег и (или) иного имущества, полученных преступным путем (мониторинг нововведений)	44
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Некоторые вопросы применения норм УК и УПК при расследовании преступлений коррупционной направленности	49
А.К. КУРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Правовые аспекты рассмотрения гражданских исков об освобождении имущества, находящегося в залоге, от ареста, в том числе и в уголовном процессе	54
Международное право и сравнительное правоведение	61
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Тема о терроризме в международно-правовых документах: предложения по их усовершенствованию)	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАИРОВА Актуальные положения механизмов принятия решений в ЕС	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Вопросы совершенствования правовой базы оказания взаимной правовой помощи по уголовным делам	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ О некоторых вопросах избежания двойного налогообложения	84
Правовой мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Правовой мониторинг в контексте правовой политики Республики Казахстан: теоретико-аналитический аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Г. КАЗИЕВ Опыт зарубежных стран по изучению эффективности законодательства	92
А.Г. КАЗБАЕВА Теоретические аспекты общественного мониторинга нормативных правовых актов	96
Е.А. ДЮСЕНОВ, О.К. КАРАКОЖАЕВ Участие общественных организаций в проведении правового мониторинга в Республике Казахстан	101
Из практики законодательства на государственном языке	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МУШАНОВ Вопросы терминологии в национальном законодательстве	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Роль термина в законодательстве	110
А.А. МЕДИНАЕВА Языковые недочеты действующего законодательства	114
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Вопросы аутентичности текстов международных договоров	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Проблемы терминологии в переводческом деле	123
Зарубежный опыт	127
О.В. БЕЛОУСОВА (г. Москва) Международное экономическое сотрудничество ЕС с государствами Латинской Америки	127
Трибуна молодого ученого	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Эффективная налоговая политика и развитие малого бизнеса – альтернативные пути взаимодействия	134
Е.К. АХМЕТОВ Об общественном мониторинге нормативных правовых актов	139
А.С. АБДИКАРИМОВА Современное состояние коррупции и проблема расследования коррупционных правонарушений в Республике Казахстан	144
А. ЖУМАБЕКОВА Разработка и заключение международных договоров в Европейском Союзе и «особая роль» Великобритании по отношению к союзу	149
Ж.А. МАМИТОВА К вопросу о классификации международных антикоррупционных документов	155
Ж.Б. УАЛИЕВА Проблемы определения вины в отечественном законодательстве, соответствующей принципам современной уголовно-правовой политики	161
А.К. КАПЫШЕВА Международный опыт реформирования государственно-частного партнерства	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Содержание и общая характеристика нарушения экологических требований к хозяйственной или иной деятельности	172
Ж. МУСИНА Конфискация имущества в уголовном законодательстве республики казахстан: новые подходы в правовом регулировании	177
Д.Б. БАЙСАГАТОВА Роль Республики Казахстан в противодействии международному терроризму и экстремизму	183
Т.Б. ЖУМАГУЛОВ Международные организации и их деятельность в области обеспечения безопасности воды. Правовые аспекты	189
А.М. МАТЫШОВА Вопросы правового регулирования негласных следственных действий	193
Б.Н. ТАЖИБАЕВ Объективные признаки медицинских уголовных правонарушений	199

Информационные сообщения	208
---------------------------------------	------------

Информационное сообщение о шестой международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Административный акт: издание, содержание и оспаривание» 5-6 ноября 2015 года в г. Астана	208
--	-----

Мудрые мысли	213
---------------------------	------------





Тұрғанбаева Ляззат Сұлтанмұратқызы,
*ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА
және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық
сараптама секторының кіші ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының кандидаты*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТ МӘТІНІНІҢ ТЕҢТҮПНҰСҚАЛЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміз нарық экономикаға көшуіне орай көптеген елдермен экономикалық қатынас орнатылып, олар халықаралық шарттарға қосылу не оларды жасасу арқылы бекітілуде. 1969 жылғы Халықаралық шарт құқықтары туралы Вена конвенциясында негізінде халықаралық шарт жасасудың: мәтінді әзірлеу және оның теңтүпнұсқалылығын белгілеу; шарт мәтінін қабылдау; шарттың міндеттілігіне келісім білдіру кезеңдері көрсетілген [1]. Аталған кезеңдердің ішіндегі мәтіннің теңтүпнұсқалылығы мәселесін қарастырып көрейік. Қазіргі таңда Халықаралық шарт мәтінін аудару әлі толықтай шешілмеген мәселелердің бірі болып тұр. Бұл орайда мәтіннің теңтүпнұсқалылығы үлкен рөл атқаруда. Мәтіннің теңтүпнұсқалылығы (еж. грек *authentikos* – түпнұсқалы) – мағынасы бойынша басқа тілдегі мәтінге сәйкес келетін және онымен заңдық күші бірдей ресми құжаттың мәтіні [2]. Ал халықаралық шарттың теңтүпнұсқа мәтіні келіссөздерге қатысушы тараптар немесе уағдаласушы тараптар түпнұсқа (түпкілікті нұсқа) ретінде қарайтын халықаралық шарт мәтіні немесе егер ол шартта көзделсе немесе бұл жөнінде оған қатысушылар келіссе, әртүрлі тілдерде жасалған мәтіндердің арасында алшақтық болған жағдайда басымдыққа ие мәтін болып табылады [3].

Шарт бір тілде қабылданып, кейіннен екі немесе одан көп тілдерде қабылдануы мүмкін. Мысалы, 1944 жылғы Халықаралық азаматтық авиация туралы Чикаго конвенциясы басында тек ағылшын тілінде жасалып, қол қойылған болатын. Ал бастапқыда теңтүпнұсқалы болып танылған испан және француз тілдеріндегі мәтіндер кейіннен, 20 жылдан соң жасалып, тек 1968 жылы арнайы дипломатиялық конференцияда қабылданды. Орыс тіліндегі мәтін КСРО-ның 1970 жылы Чикаго

конвенциясына қосылғаннан кейін әзірленіп, 1970 жылы Монреаль конференциясында теңтүпнұсқалы ретінде қабылданған болатын [4, 33-34 бб.].

Халықаралық шарттың теңтүпнұсқалылығын белгілегеннен кейін оның мәтіні келісілген болып есептеліп, оны қайта пысықтауға қайтаруға болмайды. Оны белгілеу осы мәтінде көзделуі мүмкін немесе оны жасасуға қатысқан мемлекеттермен келісілген рәсімді қолдану нәтижесінде немесе мұндай рәсім болмаған кезде - шарт мәтініне қол қою, *ad referendum* қол қою, дәйектеу немесе осы мәтінді қамтитын конференцияның қорытынды актісін қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Мәтінге қол қою келіссөздердің аяқталуымен және пысықталған шарт мәтініне келісумен белгіленеді. Ал *ad referendum* қол қою (уақытша қол қою) мұндай қол қою бұдан әрі тиісті мемлекеттің немесе тиісті халықаралық ұйымның растауы қажет екенін білдіреді. Дәйектеу – келіссөздерге қатысушы әрбір тараптың өкілетті өкілдерінің халықаралық шарт мәтінімен келісу белгісі ретінде келісілген халықаралық шарттың жобасына немесе оның жекелеген нормаларына аты-жөндерімен алдын ала қол қоюы не халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалығын анықтау тәсілдерінің бірі [3]. Дәйектеу кезінде мемлекет өкілдері шарт мәтінінің бірінші не соңғы бетіне аты-жөнінің және тегінің бастапқы әріптерін жазады, ал кейбір жағдайда барлық беттерге қол қояды [5]. Шарттың теңтүпнұсқалылығы белгіленгеннен кейін оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындауы мүмкін, бұл жағдайда шарттың теңтүпнұсқалылығын қайта белгілеу керек.

Әртүрлі тілдерде жасалған шартта қай мәтін теңтүпнұсқалы болып табылатыны көрсетілмесе, онда барлық мәтіндер бірдей

заңды күшке ие болады, ал дау туған жағдайда әрбір тіл нұсқасының теңтүпнұсқалылығы шарт қатысушылары арасында келісуге жатады (Мәселен, кейбір халықаралық шарттардың қатысушылары сол шарттың мәтінінің аудармасын түсіндіру кезінде шарт нормаларын өз жағына пайдаланып бұрмалап аударып жатуы салдарынан дау туғызады). Өйткені көптеген халықаралық шарттарда, әсіресе оларға қосылу шарттарында барлық тілдердің теңтүпнұсқалылығы белгіленбейді). Бұл жағдайда халықаралық шарттың ресми аудармасы қолданылуы тиіс. Ресми аударма қатысушы мемлекет біржақты түрде жасаған және осы мемлекеттің ресми сайтында орналастырылған халықаралық шарттың аудармасы. Оны, сондай-ақ халықаралық ұйым органы да жасауы мүмкін. Алайда мұндай мәтіннің халықаралық құқықтық күші жоқ және осы мемлекет тарапынан тексеруге жатпайды және олар үшін міндетті болып табылады.

Кейде шарттық тәжірибеде халықаралық шарттың «ресми мәтіні» ұғымы кездеседі. Мысалы, 1947 жылғы Бейбітшілік шарттарында ағылшын, ресей, француз телдеріндегілерден басқа барлық мәтіндер «ресми мәтінге» жатады. Ресми аудармаға қарағанда ресми мәтінді барлық уағдаласушы тараптар міндетті қабылдаған, қол қойылған, бірақ теңтүпнұсқалы деп жарияланбаған мәтін. Екі жағдайда да бұл мәтіндер орындалу кезінде қосымша рөл атқарады, яғни тек мемлекет ішінде ғана қолданылады [6].

Қазіргі таңда Қазақстан қосылған көптеген халықаралық шарттардың ресми аудармасын жасау кезінде аудармашылар ағылшын не басқа тілден ресми аударылған орыс тіліндегі дайын мәтінді қазақ тіліне аударма салады. Аудармашыда лингвистикалық, құқықтық сияқты арнайы білім жоқ болуынан бірқатар аударма олқылықтары, атап айтқанда: маңызды ақпаратты аудармай тастап кету, терминдер мен ресми кәсіби лексиканы жалпы қолданылатын сөздермен ауыстыру, сөздер тізімін бір жалпыланған терминмен ауыстыру, әріптік және еркін аудару, аударма тілінде баламалары бар сөздер транскрипциясын теріс қолдану, эвфемизмдерді білмеу салдарынан тілдік тыйым салуларды бұзу байқалуда [7].

Орыс тіліне аударылған халықаралық шарттың өзі көбінесе заң тілінде емес, жалпы қолданылатын тілде жазылғаны байқалуда. Яғни ол аударманы жасаған адамның заң лексикасынан бейхабар адам жасағаны көрініп

тұрады. Бұған қатысты тағы бір мәселені көтеруге болады – ол заңнама тілінің көпшілікке түсінікті болып жазылуы не аударылуы. Тек заң тілінің түсінікті болуы салдарынан ғана құқық субъектісі құқықтық акті бойынша заңды жауапкершілік көтереді. Бұған қатысты әлемдік тәжірибеде екі көзқарас қалыптасқан. Біріншісі бойынша құқықтық актілердің тілі әдеби тілмен ұқсастығы аз болып қарастырылатыны, ал екіншісі – құқық тілін жалпы әдеби тілдің бір түрі (стиль) ретінде қарастырылатыны. Бірінші көзқарас Германияда көп таралған. А. Шнитцердің айтуынша құқықты білдірудің анық нысаны тек адамдардың дамуының төмен дәрежесі қажет етеді. Отто Гирке заңнамалық актілер тілін маман еместер үшін тіпті түсініксіз заңгерлердің абстрактілі неміс тілі ретінде қараған. Өз кезегінде бұл В. Гедеманға заң тілінің анықтылығымен байланысты қиындықтарды жеңу мүмкін емес деген тұжырым жасауға негіз болды [8, 57-58 бб.]. Бұл мәселеге қатысты кейбір поляк және орыс ғалымдары басқаша көзқарасты ұстануда. Я. Воленскийдің ойынша «заңнама тілі кәдуілгі тілдің тек фрагменті ғана» болып табылады. А.А. Ушаковтың пікірінше «заңдар тілі» немесе «заңнамалық тіл» терминдері әдеби тілге қарсы тұратын ерекше тілді білдірмейді, ол заң шығарушының ойын және заңнамалық санаттарды білдіру үшін қолданылатын тілдік құралдар жиынтығын қамтитын қазіргі таңдағы орыс әдеби тілінің ерекше функционалдық стилімен байланысты [9, 142 б.]. А. С. Пиголкин де заң тілін заң шығарушы ойын білдіруге арналған арнайы композициялық және стилистикалық құралдармен, тілдің ерекше сөздік құрамымен сипатталатын әдеби тілдің дербес стилі деп қарастырады. Осы көзқарасқа С.С. Алексеев пен Н.И. Хабибуллина да қосылуда [10, 19 б.]. Екі көзқарастың айырмашылығы: бірінші жағдайда заңнама тілінің түсінікті болуы үшін оқырманның осы заң саласынан хабардар адам болуын қажет етеді, ал екінші жағдайда – оны түсінуге оқырманның дайындық деңгейін қажетсізбейді, яғни оны міндетті түрде түсінуі тиіс деген пікір. Егер бірінші пікірді қолдайтын болсақ, онда экономикалық қатынастарды реттейтін заңнама актілерінің тілі өте күрделі болғандықтан, экономист мамандығын көмегіне жүгінбей түсіну мүмкін еместігін алға тартуға болады. Ал екінші пікірді қолдайтын болсақ, қазіргі таңдағы шет тілінен аударылған көптеген халықаралық шарттарда жалпы қолданылатын сөздердің, сөйлем құрудың әдеби не сөйлеу стиліне ауысып жатқанын да байқаймыз.

Дәл сондай жағдайлар қазақ және орыс тілдерінде жасалған халықаралық шарттар мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын бергілеуінде де кездеседі. Мысалы, Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт пен Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы Ұстап беру туралы шартқа 2003 жылғы 13 қарашада қол қойылған болатын. Алайда қазақ тілінде бірнеше рет қайталанып анықталған қателерге байланысты осы мәселе бойынша 6 рет нотамен алмасып, оларды ратификациялау туралы заңдар тек 2011 жылы және 2012 жылы қабылданған болатын, яғни 8-9 жылдан кейін [11].

Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, Интернеттің тіліне айналды [12]. Алайда қазіргі таңда Лингвистика орталығына келіп түсетін шарт мәтінінің кейбір аударуларында мәтіннің мағынасы бойынша емес, сөзбе сөз аудармасы да кездесіп жатады, ол кейбір қазақ тілінен бейхабар әзірлеушілердің интернеттегі машиналық аударманы қолдануының нәтижесі болып табылады. Сондай-ақ аудару кезінде сөйлемдегі қазақ тілінің пунктуациялық белгілерін қою қағидаларына қарсы сол шет тіліндегі пунктуациялық белгілерді қою практикасы кездесіп жатады. Көбінесе шарттың аудармасымен заңгер не экономист мамандығы жоқ мамандар айналысқаннан кейін олардың заң нормалары бар күрделі сөйлемдерді түсінуі екіталай болып, оны дұрыс түсіну үшін сол жөнінде шартқа жауапты әзірлеуші мамандармен кеңеспей, өзі қалай түсінсе, солай аударсалады.

Халықаралық құжаттарды сапалы аудару үшін кәсіби аудармашы осы аударма түрінің

өзіне тән лексика, лексикалық үлгілер аудармасы, сөйлем құрудың анықтылығы, сөйлем ішіндегі бір ойды басқа ойлардан шектеу, эмоционалдық элементтердің толық болмауы кезінде материалды толық баяндау сияқты кейбір ерекшеліктерді білуі тиіс.

Халықаралық құжаттардың дәлме-дәл аударылуының негізгі талаптары: дәлдік – түпнұсқада жазылған барлық ережелер түпнұсқа аудармасында жазылуы тиіс; анықтылық – аударма тілінің ықшамдылығы және қысқалығы түпнұсқа лексикасын берудің толықтығына әсер етпеуі тиіс; баяндаудың әдебилігі – аударма мәтіні түпнұсқа тілінің синтаксистік құрылымдарын пайдаланбай әдеби тілдің жалпы қабылданған нормаларына сәйкес келуі тиіс.

Шет тілінде жазылған шарт мәтінін аударуда отандық заң әзірлеу тіліне неғұрлым ұқсас аудару қажет және қазақ тіліне тән емес транскрипциялар мен пунктуациялық белгілерді, егер сөйлем мағынасын өзгертпесе, қолдануды шектеу керек.

Құжаттың атауы түпнұсқаға барынша жақын болуы тиіс. Түпнұсқада келтірілетін барлық қысқартулар жалпы қабылданған арнайы қысқартуларға, олардың аудармасына сәйкес берілуі тиіс [7].

Егер аудармашы халықаралық құжатты аудару кезінде жоғарыда аталған талаптарды тиісті түрде орындайтын болса, онда халықаралық шарттардың теңтүпнұсқалылығы, ресми аудармасы мәселесінде көптеген түсінбеушіліктер жойылар еді, өйткені аударма сапасына шарттың дұрыс орындалуы, мәтіннің теңтүпнұсқалылығы қамтамасыз етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының 1969 жылғы халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясына қосылу туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысы. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://www.adilet.gov.kz>
2. Википедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет // <https://ru.wikipedia.org/wiki>
3. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары» туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамыр N 54 Заңы. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://www.adilet.gov.kz>
4. Куэльяр Ч.П. Послания и заявления, посвященные Международному году мира, 1986. ООН. 1987. С. 33-34.
5. В. Т. Батычко. Международное право. Конспект лекций. Таганрог: ТТИ ЮФУ, 2011 /<http://www.aup.ru/books>
6. Лукашук И.И. Современное право международных договоров. Том 1. Заключение международных договоров. Учебный материал / <http://nashaucheba.ru/>
7. Особенности перевода международных документов /<http://fabrikaperevodov.ru>

8. Керимов Д. А. Законодательная техника – М., 1998. С. 57-58.

9. Ушаков А. А. Очерки советской законодательной стилистики. – Пермь, 1967. С. 142.

10. Хабибуллина Н. И. Язык закона и его толкование. – Уфа, 1996. С. 19.

11. Неправильный перевод международных договоров наносит серьезный урон имиджу Казахстана /<http://tengrinews.kz>

12. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына, Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://www.adilet.gov.kz>



Мақалада таңда халықаралық шарт мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы, ресми аудармасы мәселелері қаралған және оларды шешу жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: мәтіннің теңтүпнұсқалылығы, терминдердің аудармасы, ресми аударма.

В статье рассмотрены проблемы аутентичности текстов, официальных переводов международных договоров и пути их решения.

Ключевые слова: аутентичность текстов, перевод терминов, официальный перевод.

In article problems of authenticity of texts, the official translations of international treaties and a way of their decision are considered.

Keywords: authenticity of texts, translation of terms, official translation.

Ляззат Сұлтанмұратқызы Тұрғанбаева,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының кіші ғылыми қызметкері, з.ғ.к.

Халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығы мәселелері

Турганбаева Ляззат Султанмуратовна,

младший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК, к.ю.н.

Вопросы аутентичности текстов международных договоров

Turganbaeva Lyazzat Sultanmuratovna,

Junior researcher of the sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of SI Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, Candidate of legal sciences

Questions of authenticity of international treaties